

Қызылорда қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруді белгілеу туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 1040 қаулысы және Қызылорда облысы Қызылорда қалалық мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 182-25/1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 қазанда № 29980 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңының 13-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 31-баптарына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Қызылорда қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) тегін жол жүру белгіленсін:

бірінші және екінші топтағы көру қабілеті бұзылған мүгедектігі бар адамдарға.

2. Қызылорда қалалық бюджеті қаржыландыру көзі болып айқындалсын.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

А. Шаменов

Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысы

И. Кутухуджаев